«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

«17» тамыз 2022 жыл

Ақтөбе қаласы, «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны: 9
Қатыспағандар: 0
Қатысқандар:

1) Қамқоршылық кеңес төрайымы – Ж.Қ.Шәріпова;
2) Кеңес мүшесі – Қ.Қ.Табаналы;
3) Кеңес мүшесі – М.С.Шүкірәлиева;
4) Кеңес мүшесі – К.К.Кенжебаева;
5) Кеңес мүшесі – А.Ж.Самарханова;
6) Кеңес мүшесі – А.С.Утегенова;
7) Кеңес мүшесі – Ж.С.Ниязова;
8) Кеңес мүшесі – С.М.Сауанаев;
9) Кеңес мүшесі – Д.М.Сембай.

**Күн тәртібі**

1. « Қазақтан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес ерекше санаттағы отбасы балаларына материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру
Әлеуметтік педагог Иса Ж.Н.
2. Оқушылардың мектеп формасы ДТІЖО Қалдыбаева А.Б.
3. Оқушыларды тасымалдау ДШІЖО Құрманғазин Д.К.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры Д.Н.Кудайбергенов қамқоршылық кеңес мүшелеріне өзін таныстырып, еңбек жолы туралы қысқаша айтып өтті.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.Қ.Шәріпова күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді әлеуметтік педагог Ж.Н.Исаға берді.

Ағымдағы оқу жылына дайындық мақсатында білім басқармасы бұйрығы негізінде «Мектепке жол» акциясы негізінде бюджет тарапынан ұйымдастырылып, жатыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға өзгерістер енгізіліп, үкіметтен бөлінетін қаражат ата-аналардың жеке есеп шотына аударылады. Қазіргі таңда мектепте атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылар, жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар және жетім, ААҚҚ балаларының тізімін жинақтап құжат қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Осы күнге дейін 89 отбасы, оның ішінде 177 білім алушыға ата-ана өтініші негізінде құжат қабылданды. Қаржылық көмек алуға өтініштер тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен төмендегідей тіркелді. Барлық қатысушыларға 177 өтініш жария етілді. АСП бойынша 54 білім алушы, күн көріс деңгейі төмен 122 бала, жетім және ААҚҚ отбасы бойынша 1 отбасы 1 балаға құжат қабылданғанын атап айтты.

| р/с № | Өтініш берушінің Т.А.Ә. | Білім алушынын/тәрбиеленушінің Т.А.Ә., класы | Күні/өтініш нөмірі | Көмек түрі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қаржылық | Материалдық |
| 1 | Самарбаева М.М. | Жәрдемберген Айым Нұрдаулетқызы, 2 Ғ | 12.08.2022 | Қаржылық | |
| 2 | Самарбаева М.М. | Жәрдемберген Сезім Нұрдаулетқызы, 5 В | 12.08.2022 | Қаржылық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | | | 2 | | | |

Бұл шешім үшін дауыс берді:
Қолдайды: 9 дауыс
Қарсы: 0

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Қалдыбаева кеңес мүшелеріне мектеп формасы туралы баяндамасын таныстырып, форманың үлгісі, түсі классикалық үлгіде болуын айтты. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, ақ жиде, көк галстук. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген, ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет.

Қыз балалар үшін пиджак, жилет, ақ жиде, көк галстук, қара немесе көк туфли, тізеден төмен юбка болуы тиіс. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Дене шынықтыру формасы: қара-көк және қара түстегі спорттық костюм, ақ футболка және кроссовка болуы шарт екені айтылды.

Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы қабылданады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.К.Құрманғазин сөз алып, 2018 жылы мектеп ашылған жылы 2 автобус берілді. Авто көліктер ескі болатын. Қазіргі таңда 1 автобус жарақсыз болуына байланысты істен шығаруға құжаттар жиналып, тағы да автобус сұрап отырмыз. Қалалық білім бөлімінен жауап күтудеміз. Сонымен қатар 3 жалдамалы автобус бар. Мектебімізде 2018 жылы 363 бала болса, осы жылы 611 бала тасымалданды. Ағымдағы жылы 1-сыныпқа 98 бала, 2-11-сыныпқа 678 бала тасымалданады деп отырмыз.

Ағымдағы мәселелер бойынша мектеп директоры Д.Н.Кудайбергенов мектеп тәртібі жайында айта келіп, оқушылардың мектепте телефон ұстамауын қатаң ескертті.

Қаулы:

1. Қазақтан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес ерекше санаттағы отбасы балаларына материалдық көмек көрсету қанағаттандырылсын.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған міндетті мектеп формасы бекітілсін;
3. Оқушыларды тасымалдау кестесін құру және оны ұйымдастыру тәрбиешілерге бекітілсін;
4. Мектепте ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салынсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.Қ.Шәріпова

Хатшы Г.М. Бекешева